

**Ғ.Мүсірепов атындағы қазақ мемлекеттік академиялық балалар мен жасөспірімдер театрының 2023 жылдық қорытындысы бойынша сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу нәтижелеріне талдамалық анықтама**

Мекен жайы: Алматы қаласы, Абылай хан даңғылы, 38. Электронды пошта: [teatr\\_musrepov@mail.ru](mailto:teatr_musrepov@mail.ru), нөмірі : 8 (727) 271-40-56, 273-18-75.

Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 18 қарашадағы «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңын негізге ала отырып, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі Төрағасының 2016 жылғы 19 қазандағы №12 бұйрығымен бекітілген сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің үлгілік қағидаларына сәйкес, Алматы қаласы «Ғ.Мүсірепов атындағы қазақ мемлекеттік академиялық балалар мен жасөспірімдер театры» РМҚК басшысының 2022 жылдың 11 сәуіріндегі №07-10/42-ө бұйрығымен құрылған топ жұмыс істеп келеді.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жұмысының жүргізу уақыты 2023 жыл. Мекеме басшылығы мен қызметкерлері тарапынан ішкі талдау жүргізу кезінде кедергі жасау немесе шектеу болған жоқ.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдаудың жұмыс тобы кәсіпорынның қызметін жүргізу барысында Жарғы, заңдар, нормативтік-құқықтық актілер, басқа да құқықтық актілерді басшылыққа ала отырып жұмыс жүргізді.

Нормативтік құқықтық актілерде сыбайлас жемқорлықпен байланысты құқық бұзушылық жасауға ықпал ететін дискрециялық нормалар анықталған жоқ.

**Персоналды басқару бағыттары бойынша.**

Кәсіпорын қызметкерлерінің жалпы саны штат саны- 210 бірлікті құрайды, оның ішінде әкімшілік-басқару персоналы – 22,5, көркемдік-басшылық құрамы 15, көрермендерге қызмет көрсету бөлімі - 13, әртістер - 62, әкімшілік-шаруашылық бөлімі –27,5, электротехникалық, сантехника, желдету, жарықтандыру цехы, сахна құрастыру, дыбыс, бутафор-ағаш ұстасы, нақты бұйымдар, киім-кешек, тігін, грим, көркем-сәндік бөлімдері, маркетинг және қоғаммен байланыс бөлімдері – 77 бірлікті құрайды. Нақты жұмыс істейтін қызметкерлердің саны - 186, бос лауазымдық орын - 3.

Кәсіпорындағы бос орындар [www.enbek.kz](http://www.enbek.kz) сайтында жарияланады.

Ағымдағы жылда кәсіпорынға жұмысқа 26 жұмыскер қабылданды, өз еркімен жұмыстан 29 адам босатылды. Көрсетілген уақытта тәртіптік теріс-қылық жасағаны үшін, тәртіптік жауапкершілікке 4 адам тартылып, оларға ескерту,

сөгіс жарияланды. Сыбайлас жемқорлық үшін тәртіптік жауапкершілікке тартылған қызметкерлер жоқ.

Кәсіпорындағы барлық жұмыскерлер қойылатын біліктілік талаптарға сай келеді және арнайы білімдері бар.

Қызметкерлер жұмысқа орналасқан кезде заңда көзделмеген артықшылықтарды (протекционизм, отбасылық) беру мүмкіндігі, жекелеген қызметшілерге сыйақы беру және үстемеақы белгілеу кезінде ерекше көзқарас білдіру мүмкіндіктері, қызметкерлерді жұмыстан босатылуы кездерінде заң бұзушылықтар анықталмады.

«Мемлекеттік мәдениет ұйымдарының азаматтық қызметшілерін аттестаттаудан өткізудің қағдалары мен шарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрінің 2016 жылғы 29 маусымындағы №189 бұйрығына сәйкес 2023 жылдың 22,23 ақпан күндері кәсіпорын қызметкерлері аттестациядан өтті.

Кадрлық іс-жүргізу қойылған талаптарға сәйкес қалыпты деңгейде жүргізіліп келеді.

2023 жылдың 01-06 қараша айының аралығында Ғ.Мүсірепов театрында алғаш рет I Республикалық жастар театрлары фестивалі өткізілді. Фестивальге керек барлық тауарлар, жұмыстар мен қызметтер заңға сәйкес мемлекеттік сатып алу порталы арқылы сатылып алынды. Тауарларды, жұмыстарды және қызметтерді сатып алу мониторингінің нәтижелері бойынша бұзушылықтарға жол берілмеді, өнім берушілерден сатып алу жұмыстары бойынша шағымдар түскен жоқ, бюджет қаржысын негізсіз жарату, жымқыру фактілері анықталған жоқ. Шарт бойынша қызметін көрсетуден бас тартқан өнім берушінің құжаты экономикалық сотқа беріліп «Икрам И.Б» жеке кәсіпкері мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп танылды.

Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 18 қарашасындағы «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңын басшылыққа алап отырып Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитетінің Алматы қаласы бойынша департаментіне кәсіпорындағы жұмыстар бойынша есептер ай сайын беріліп отыр. 2023 жылдың қортындысы бойынша Ғ.Мүсірепов атындағы қазақ мемлекеттік академиялық балалар мен жасөспірімдер театрында басқармаға заңды тұлғалардан арыз түскен жоқ. Ағымды жылдың ішінде кәсіпорынға е-өтініш арқылы 34 өтініш түсті, барлық өтініш дер кезінде қаралып жауап өтініш иелеріне уақытында жауап жіберілді.

### **Мүдделер қақтығысы**

Мүдделер қақтығысына байланысты кәсіпорын қызметіне зиян келтіруі мүмкін деген келесі заң бұзушылықтар анықталмады:

- кәсіпорында ерлі-зайыптылар мен туысқандар ортақ бірге жұмыс атқару жағдайлары;
- қызметкерлердің материалдық мүддесін, жақын туыстарының, жекжаттарының немесе өзге де үшінші тұлғалардың мүдделерін қанағаттандыруға байланысты;
- кәсіпорын шешім қабылдау кезінде жеке немесе заңды тұлғаларға заңсыз артықшылық көрсету;
- жеке немесе заңды тұлғалардан ақшалай немесе өзге де нысандар түрінде сыйақы қабылдау бойынша;
- кәсіпорындағы мүліктерді пайдалана отырып заңсыз кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыру.

### **Мемлекеттік сатып алу**

Кәсіпорын қызметіне қажетті тауар, жұмыс пен қызметтерді мемлекеттік сатып алу веб порталы арқылы айқын және ашық электрондық түрде жүргізіледі және жеткізушімен қандайда бір байланысқа түсуге мүмкіндіктің болмауына байланысты, сыбайлас жемқорлықтың пайда болуына жол берілмейді.

Қолданыстағы мемлекеттік сатып алулар туралы заңнамаға сәйкес, жоспарланып отырған және өткізілетін барлық сатып алулар туралы ақпараттар [goszakur.gov.kz](http://goszakur.gov.kz) мемлекеттік сатып алу веб порталында ашық көрсетілген. Аталмыш веб порталда тауарларды, жұмыстарды, қызметтерді мемлекеттік сатып алулардың түрлері мен бағасы және олардың келісім шарттарының орындалу мерзімі көрсетілген, сонымен қатар тиісті қаржы жылының мемлекеттік сатып алу жоспары бюджетті бекіткен уақыттан бастап жарияланады.

15.12.2022 жылы кәсіпорынның №07-16/26 бұйрығымен 231 лот 70,3 млн. тенге негізінде мемлекеттік сатып алу жылдық жоспары бекітілді. 12.04.2023 жылды №07-16/27 бұйрығының негізінде өзгертулер енгізіліп мемлекеттік сатып алу жоспары 127,0 млн. бекітілді. 2023 жылы кәсіпорын төменде көрсетілген тәсілдермен мемлекеттік сатып алу жұмысын жүргізді:

- баға ұсыныстарын сұрастыру тәсілі бойынша 232 шарт 42,2 млн.теңгеге;
- Сәтсіз сатып алулар үшін бір көзден 47 келісім шарт 12,2 млн. тенгеге;
- Электронды дүкен арқылы 89 келісім шарт 5,3млн. теңгеге;
- Тікелей келісімшарт жасау арқылы бір көзден 12 келісім шарт 24,8млн. тенге.

Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық фактілеріне жол бермеу бойынша жүргізілетін жұмыстың тиімділігін арттыру және сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес бойынша шараларды күшейту мақсатында тұрақты түрде сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізіліп отырады. 2023 жылы мемлекеттік сатып алу жұмыстарын жүргізу барысында мемлекеттік сатып алу туралы шарттың талаптарын сақтамаған, өз міндеттемелерін

орындамаған немесе тиісінше орындамаған 14 өнім берушінің ісі қалалық экономикалық сотқа өткізілді. Оны ішінде 13 талап арызды сот қанағаттандырды, 1 талап арыз қанағаттыз қалды, 3 талап арыз тауарлар толық жеткізіп даудың сәтті шешіліп жауапкердің айыппұл төлеуіне байланысты кәсіпорынның өтініші бойынша сот талап арызды қараусыз қалдырды. Тауарды жеткізу кезінде шарт мерзімін сақтамаған - 33 өнім беруші 66181 тенге кәсіпорынға айыппұлды төледі.

Бюджеттік қаражаттарды жұмсау бойынша шешімдерді қабылдаудың және іске асырудың айқындылығын қамтамасыз ету мақсатында Ғ.Мүсірепов атындағы қазақ мемлекеттік академиялық балалар мен жасөспірімдер театры сайтында «Мемлекеттік сатып алу» ақпараттық бөлімі қарастырылған. Тауарларды, жұмыстарды және қызметтерді сатып алу мониторингінің нәтижелері бойынша 2023 жылғы сатып алу жоспары бойынша бұзушылықтарға жол берілмеді, өнім берушілерден сатып алу жұмыстары бойынша шағымдар түскен жоқ, бюджет қаржысын негізсіз жарату, жымқыру фактілері анықталған жоқ.

### **Мемлекеттік қызметтер көрсету**

Кәсіпорын қызметінің мәні мәдениет саласындағы қызметті жүзеге асыру болып табылады. Ал қызметінің мақсаты мемлекеттің театр өнері саласындағы мәдени саясатын іс жүзінде іске асыруға бағытталған сахналық ойын-сауық іс-шараларын ұйымдастыру және өткізу болып табылады. Осы қызметтерге байланысты Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрі 2020 жылы 15 қыркүйектегі №254 (4 қосымша) бұйрығымен кәсіпорын өндіретін және сататын тауарларға (жұмыстарға, көрсетілетін қызметтерге) мемлекет тарапынан бағалар бекітілген. Бұл бағытта жасалып жатқан бірлескен іс-шаралар өткізу үшін залды ұсыну бойынша қызметтер, күндізгі, кешкі, спектакльдерге, премьералық спектакльдерге билет сату министрліктің бұйрығымен бекітілген бағалармен жүргізіліп жатыр.

Осы көрсетілген қызметтерге қатысты көрермендер тарапынан арыз шағым түскен жоқ және сыбайлас жемқорлық орын алу көрністері, тәуекелдері байқалмады.

### **Сыбайлас жемқорлыққа қарсы жасалған іс-шаралары туралы**

Қазақстан Республикасының 2015 жылы 18 қарашадағы №410 –V «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» заңына сәйкес кәсіпорында 2022 жылға арналған сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес бағдарламасын жүзеге асыру бойынша іс-шаралар жоспары бекітілді. Жоспарда көзделген іс-шаралар: жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарастыру, мемлекеттік сатып алулар жүргізу барысында айқындылықты сақтауды және сыбайлас жемқорлыққа қарсы басылымдарды бақылап отыруды қамтамасыз ету, сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет қалыптастыру, осы жұмысқа

байланысты ішкі құжаттарды дайындау іс-шараларды ағымды жыл ішінде жүргізілді. Осы жұмыстардың қорытындылары кәсіпорынның ресми сайтында жария етіліп отыр.

Кәсіпорынның ресми интернет ресурсында ([www.teatr-musrepov.kz](http://www.teatr-musrepov.kz)) сыбайлас жемқорлыққа қарсы әрекет деген арнайы бөлім ашылды. Осы ресурсқа кәсіпорынның сыбайлас жемқорлыққа қарсы жоспары, мүделер қақтығысын реттеу жөніндегі ережесі, сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарт, сыбайлас жемқорлыққа және коммерциялық пара алуға қарсы іс-қимыл жөніндегі нұсқаулық, сыбайлас жемқорлық тәуелділеріне ішкі талдау жүргізу тобын құру туралы бұйрығы, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саясаты жария етілді. "Қазақстан Республикасы бас прокуратурасының құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитетінің Алматы қаласы бойынша департаменті» мемлекеттік мекемесіне беріліп отыр.

2023 жылы Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігі Ішкі аудит департаменті және Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Ішкі мемлекеттік аудит комитетінің Алматы қаласы бойынша ішкі мемлекеттік аудит департаменті» республикалық мемлекеттік мекемесі тараптарынан 2019-20221 жылдар аралығындағы кәсіпорын қызметіне аудит жүргізілді. Жүргізілген ішкі мемлекеттік аудит қортындысы бойынша анализ жасалып, анықталған кемшіліктер бойынша жұмыстар жүргізілді.

"Қазақстан Республикасының мемлекеттік басқару жүйесін одан әрі жетілдіру жөніндегі шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2023 жылғы 1 қыркүйектегі № 318 Жарлығына және Мәдениет және ақпарат министрлігінің 2023 жылғы 13 қыркүйектегі № 369-НҚ бұйрығына сәйкес кәсіпорынның атауы Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің «Габит Мүсірепов атындаты қазақ мемлекеттік академиялық балалар мен жасөспірімдер театры» республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны болып қайта өзгертілді.

Жоғарыда баяндалғандардың негізінде жұмыс тобы 2023 жыл бойынша кәсіпорын қызметінде сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар мен қылмыстар жасау жағдайлары анықталған жоқ деген тұжырымға келді.

Директор



Есеналиев Т.К.

Орындаушы:  
Қажымұқан Д.К.  
Тел: 87714501636